

Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : **ЖШС "ЕЛАМАН" балабақшасы**

Топ: «**Құлыншақ**» орта топ

Балалардың жасы: **3-4 жастан**

Жоспардың құрылу кезеңі: **қазан айы, 2024-2025 оқу жылы.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Казан	Музыка	<ul style="list-style-type: none">- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауга шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу; <p>Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажыратып білу.</p> <p>Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ыргагына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктең отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>